

Жалтыр ауылының ЖОББМ»КММ
Орта білім беру ұйымдарына арналған
ғылыми-әдістемелік кеңес
Нұсқаулық-әдістемелік кеңес

хаттамасы

2022 жылғы тамыз айы

Қатысқандар: барлығы

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде:

1. 2021-2022 оқу жылының сараптамалық есебі
2. ӘНХ танысу
3. Мектептің 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс, ӘБ-нің жұмыс жоспарын бекіту.
4. Педагогтардың санатын және еңбек өтілін санау туралы комиссия құру.

Отырыс барысы

Тыңдалды:

1 мәселе бойынша 2021-2022 оқу жылының сараптамалық есебі туралы ҒӘБ жетекшісі Абишева Ф.Т. тыңдалды. Тыңдалым бойынша 2021-2022 оқу жылының әдістемелік жұмысы қанағаттанарлық деп есептеледі.

Екінші мәселе бойынша «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері туралы Мектепалды даярлық сыныптарына арналған Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларын өзгерту бойынша:

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды. Анықтама: Бір күнтізбелік жылда: демалыс күндері - 117; демалыс және мереке күндері - 75 күн; оқу күндері - 173

Мектептерде білім алушылар үшін демалыс күндерінің жиыны - 192 күн

1 сыныптар үшін Үлгілік оқу жоспарындағы өзгерістер:

- оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептердің 1-сыныбында «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері, қазақ тілінде оқытпайтын мектептерде – «Букварь», «Обучение грамоте» және «Қазақ тілі» пәндері оқытылады

«Өзін-өзі тану» пәні Үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентінен шығарылды.

«Көркем еңбек» пәні 1 сыныпта екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері».

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы No 726 қаулысымен

2022-2023 оқу жылынан бастап мынадай өзгерістер енгізіледі:

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда 35 оқу аптасын, 2-11 (12) сыныптарда – 36 оқу аптасын құрайды. Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарының оқыту қазақ тілінде жүргізілетін 1 сыныптарына мынадай өзгерістер енгізілді:

- «Әліппе» және «Ана тілі» пәндері оқытылады;
- «Шетел тілі» және «Орыс тілі» пәндері оқытылмайды;
- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері»;

Оқыту орыс тілінде жүргізілетін 1-сыныптарға арналған бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарына мынадай өзгерістер енгізілді:

- «Қазақ тілі», «Букварь» және «Обучение грамоте» пәндері оқытылады;
- «Шет тілі» пәні алынып тасталды;
- «Көркем еңбек» пәні екі пәнге бөлінді: «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері».

Үшінші мәселе мектептің 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік жұмысы, ӘБ-нің жұмыс жоспарын бекіту бойынша ҒӘБ жетекшісі Абишева Ф.Т. тыңдалды. 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстарды жұмыс жоспары бойынша жұмыс жүргізілуі керек.

Соңғы мәселе бойынша педагогтардың санатын және еңбек өтілін санау туралы комиссия мүшелері ұсынылды. Ұжым толығымен келісті.

Комиссия председателі: Серикбаева А.А. мектеп директоры.

Комиссия мүшелері: Махметова М.Б. директордың ОІМ, Томкова Н.Э. директордың ОІМ, Абишева Ф.Т. директордың ҒӘЖ, Дюсеббеков К.С. профком председателі.

—
Комиссия хатшысы: Найманбаева А.А.

Шешім :

1. 2021-2022 оқу жылының әдістемелік жұмысы қанағаттанарлық деп есептеу.

2. «2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктеріндегі өзгерістер бойынша ұйымдастыру.

3. 2022-2023 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыстарды жұмыс жоспары бойынша жұмыс жүргізу.

4. Педагогтардың санатын және еңбек өтілін санау туралы комиссия мүшелерінің тізімі бекітілсін.

Нартабаева Б.К. ҒЖАҚ

Жалтыр ауылының ЖОББМ»КММ
Орта білім беру ұйымдарына арналған
ғылыми-әдістемелік кеңес
хаттама №2
2022 жылғы 17 қазан

Қатысқандар: барлығы
Қатыспағандар:

Күн тәртібінде:

1. Дарынды балалармен жұмыс.
2. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыбын бекіту.
3. Оқушыларды пәндік олимпиадалар мен конкурстарға қатыстыру жұмыстарын жүргізу.
4. Республикалық жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының мектепішілік кезеңін қатысатын оқушылар тізімін жасау, материалдар әзірлеу.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша ҒӘЖ Картабаева Б.К. сөйледі:

«Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жан-жақты жағдайлар жасау қажет. Дарындылықтың табиғаты шексіз. Дарын дегеніміз – адамның белгілі бір салада көрсеткен жоғары қабілеттілігі. Дарынды оқушыларды тәрбиелеудің бір түрі сыныптан тыс және мектептен тыс жұмыстар, оқушыларды мектепішілік, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі олимпиадалар, конференциялар, семинарлар, интеллектуалды ойындар, ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауларына, өнер сайыстарына қатыстырып отыру керектігін айтып өтті. Мектеп бойынша дарынды балалармен жұмыс жүргізіліп келеді. Қазан айында аудандық лингвистика олимпиадасы өтті. 11 «А» сынып оқушысы аудандық кезеңнен 1-орын алып облыстық кезеңге жолдама алды. Бастауыш сынып оқушылары облыстық «Мақатаев оқулары» қашықтықтан өткен конкурстан Кенгербаева Зухра (1-орын) мен Аманкелді Маржан (2-орын) иеленді. Никитина Карина (9 сынып) пен Каратовская Елизавета (2 сынып) оқушылары 1 Республикалық «Алтын күз» суреттер, фотосуреттер, компьютерлік графика және қолөнер байқауына (қашықтықтан) қатысып, жүлделі 1-орындарды иеленді (әр түрлі жаста).

Өмірдегі шынайы ғажап, адамзатқа маңыздылар дарындылар қолында, ал сол дарындылардың тағдыры біздің, яғни, ұстаздар қауымының қолында. Дарынды балаларға қызмет етуден жалықпайық, ұстаздар! Әріптестерімен тәжірибе алмастыру арқылы осы бағыт бойынша кәсіби деңгейіміз жоғарылай берсін демекпін.»

2-мәселе бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысатын мұғалімдер оқушылармен жүргізіліп жатқан жұмыстарының тақырыптарымен таныстырды. Жүргізіліп жатқан жұмыстары туралы ақпарат берілді. «Зерде» бағдарламасы бойынша 2-7 сыныптар арасында 3 жұмыс, «Дарын» бағдарламасы бойынша 8-11 сыныптар арасында – бекітілді.

Келесі мәселе бойынша Абишева Ф.Т. оқушыларды пәндік олимпиадалар мен конкурстарға қатыстыру жұмыстарын жүргізу туралы айтты. Мектепішілік пәндік олимпиада материалдарын пән мұғалімдері дайындап, оқушылармен дайындық жұмыстары қолға алынсын. Сонымен қатар конкурстарға оқушыларды байқауларға барынша қатыстыру жұмыстары жүргізу керектігі айтылды.

4-мәселе бойынша пән мұғалімдері мектепішілік кезеңін қатысатын оқушылар тізімін жасап әзірлеу керектігі айтылды.

Шешім:

1. Дарынды балалармен жұмыс жүйелі түрде жүргізілу керек.
2. Оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыбы бекітілсін.
3. Пән мұғалімдері пәндер олимпиадасының мектепшілік кезеңіне қатысатын оқушылар тізімін жасап, материалдар әзірлесін.

Хатшы: *Б. Сағи*

**Жалтыр ауылының ЖОББМ»КММ
Орта білім беру ұйымдарына арналған
ғылыми-әдістемелік кеңес
хаттама №3**

2022 жылғы 23 қараша

Қатысқандар: 34

Қатыспағандар: 2 (себепті)

Күн тәртібінде:

1. Республикалық жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының мектепшілік кезеңінің қорытындысы.
2. Тәлімгерлердің жас мамандармен жұмысын ұйымдастыру (тәлімгерлердің жас мамандармен жұмыс жоспары)
3. 1-ші тоқсандағы оқу үрдісінің мониторинг қорытындысы.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша Республикалық жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының мектепшілік кезеңін өткізу туралы ҒӘЖ Картабаева Б.К. сөйледі. Әр пән мұғалімдері олимпиада материалдарын мерзімінде бірлестік жетекшілеріне тапсырып, бірлестік жетекшілері материалдарды қабылдап алды. «2022 жылдың 16-17 қараша аралығында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, теориялық білімі мен тәжірибелік шеберлігін тереңдету, жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуына ықпал ету, дарынды балаларды анықтау үшін жағдай жасау, аймақтық олимпиадаға қатысатын оқушыларды іріктеу және даярлау, мектептегі білім берудің беделін көтеру мақсатында қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, математика, физика, химия, биология, география, тарих, информатика пәндерінен мектепшілік олимпиада өткізілді. Барлығы 65 оқушы қатысты. Пәндік олимпиаданың мектеп кезеңінің нәтижелері бойынша жеңімпаз оқушылардың тізімі даярланды және мақтау қағаздармен марапатталды. Пән мұғалімдері аудандық олимпиадаға ұсынылған оқушылармен дайындық жұмыстарын пән мұғалімдері жүйелі жүргізсін.»

Екінші мәселе бойынша жас педагогтың тәлімгері Ю. А. Халанскийдің тәлімгері Ф. Т. Әбішева сөз сөйледі. «Тәлімгерлік маман даярлау тәсілі ретінде білім беру саласында бұрыннан қолданылған. Қазіргі уақытта "тәлімгерлік" және "тәлімгер" ұғымдарының бірнеше анықтамалары бар. Тәлімгер-тәжірибесі бар, тәжірибесі аз адамдармен өзара сенім жағдайында өз білімін бөлісуге дайын, оқушының рухын көтеріп, онымен ынта-жігерін бөлісіп, өз әрекеттері мен жұмысы арқылы басқа адамдарға өз әлеуетін жүзеге асыруға көмектесетін адам. Мұғалімнің өзі үшін тәлімгерлік ең көп: өз біліктілігін арттырудың тиімді тәсілі, өз еңбек қызметінің инновациялық мазмұнын дамыту, кәсіби құзыреттіліктің жоғары деңгейіне шығу. Осылайша, тәлімгерлік-бұл жеке тұлғаны, оның ақыл-ойын, физикалық күшін, руханилығын, әлеуметтік-кәсіби деңгейін мақсатты түрде қалыптастыру процесі.

Келесі мәселе бойынша директордың ОІ орынбасарлары М.М. Махметова мен Н.Э. Томкова сөз сөйледі. Сапасы 50% - дан төмен сыныптар бойынша сапаны арттыру бойынша ұсыныстар берілді. Пәндерге оқушылардың біліміндегі олқылықтар бойынша жұмысты күшейту, қосымша сабақтар өткізу, жеке консультациялар өткізу ұсынылды.

Қаулы етті:

1. Пәндер бойынша (Шаяхметова Г.Т., Дюсебеков К. С. Науменко Т. И., Баймагамбетова Ж. А. Махметова М. Б.) оқушыларды аудандық олимпиадаға даярлау бойынша жұмысты күшейту.

2. Ф. Т. Әбішева жас педагогпен жұмысты жалғастыру, әдістемелік көмек көрсету үшін сабақтарға жүйелі түрде қатысу.

3. Пәндер бойынша оқушылардың біліміндегі олқылықтар бойынша жұмысты күшейту, қосымша сабақтар, жеке консультациялар өткізу.

Қартабаева Б.К. Б.К.ф.

Жалтыр ауылының ЖОББМ»КММ
Орта білім беру ұйымдарына арналған
ғылыми-әдістемелік кеңес
хаттама №4

2022 жылғы 21 желтоқсан

Қатысқандар:36

Қатыспағандар:

Күн тәртібінде:

1. Ашық сабақтардың өткізілуін, сабақтарға өзара қатысуды талдау.
2. Өзін-өзі талдауды дайындауда әдістемелік көмек көрсету.
3. Lesson Study-мұғалімдер практикасы саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтардағы іс-әрекеттегі ерекше зерттеу нысанын сипаттайтын педагогикалық тәсіл.
4. Мектеп мұғалімдерін курстық қайта даярлау туралы.
5. Аттестатталатын педагогтардың портфолиосына құжаттар дайындауға көмек көрсету.
6. Дарынды оқушылармен педагогтардың қызметін, жұмысының тиімділігін талдау (олимпиадаларға, конкурстарға қатысу және т.б.).

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша «Ашық сабақтардың өткізілуін, сабақтарға өзара қатысуды талдау» ФӘЖ Картабаева Б.К. сөйледі. «Сабақ – оқу процесінің шешуші буыны, сондықтан оқушылардың пән бойынша алған білімдерінің сапасы да ең алдымен әр сабақтың ғылыми-әдістемелік дәрежесіне және жалпы алғанда сабақтардың бүкіл жүйесіне байланысты. Қазіргі заманғы сабақ – ол, ең алдымен мұғалім оқушының тұлғалық дамуына, оның ойлау қабілетінің жылдам өсуіне, білімді терең игеруіне, оның бойында адамгершілік негіздерін қалыптастыруды шебер қолданылатын оқу үрдісінің бір түрі. Биылғы жарты жылдықта педагогтар екі жүзге жуық сабаққа қатысы, өзара тәжірибе алмасты. Соның ішінде жиырмаға жуығы ашық сабақ, барлық ашық сабақтарға қатысқан педагогтар талдау жүргізіп, сабақтың сәтті, сәтсіз тұстарын талқылап отырды. Бұндай талдаулар, әсіресе жас мамандарға қолдау ретінде қолданылды.

Екінші мәселе бойынша «Өзін-өзі талдауды дайындауда әдістемелік көмек көрсету» ФӘЖ Абишева Ф.Т. слайд бойынша түсінік беріп, әдістемелік көмек ретінде таратпалар табыстады.

Келесі мәселе бойынша «Lesson Study-мұғалімдер практикасы саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтардағы іс-әрекеттегі ерекше зерттеу нысанын сипаттайтын педагогикалық тәсіл» Сабақты зерттеу тәсілі сыныпты зерттеу нысандарының бірі болып табылады. Мектебіміздің үлгерімі төмен сыныптарында педагогтардың келісуімен топтар құрылып, бақылау жүргізілетін болды. Бастауыш сыныптарда екі топ (қазақ сыныптары мен орыс сыныптарында) және 9 сыныпта сабақ өткізетін педагогтар тобы құрылды.

Мектеп мұғалімдерін курстық қайта даярлау туралы және аттестатталатын педагогтардың портфолиосына құжаттар дайындауға көмек көрсету жайында Абишева Ф.Т. слайд-презентация арқылы толықтырулар туралы мәліметтер беріп өтті. «Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру-даярлау мен оқыту сапасын арттыру үшін жаңа білім алуға, сондай-ақ бұрын алған кәсіптік танымдарды, іскерліктер мен қабілеттер мен құзыреттілікті қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны. Биылғы жарты жылдықта біліктілікті арттыру курсынан 1 педагог өтті (Оспанова С. К.) «Өрлеу» Біліктілікті арттыру орталығы (2022ж. 80 сағат). Аттестатталатын педагогтардың портфолиосына құжаттар дайындауға көмек көрсету мақсатында әдістемелік жетекшілермен дөңгелек үстел ұйымдастырылатынын айтты.»

Соңғы мәселе бойынша Картабаева Б.К. сөйледі:

«Дарынды оқушымен жұмыс жүйесінде мұғалім маңызды орын алады. Баланың бойында

күш қуаты жеткілікті, шын дарынды екеніне сендіру – ұстаз бойындағы күдіретті күш, өйткені сенімге жетелейді. Мектебімізде дарынды оқушылармен жұмыс жасап жүрген педагогтердің қызметі әр түрлі олимпиадаларға, конкурстарға қатысу арқылы байқалып отыр. Аудандық «Қонаевтың 110 жылдығына» орай ұйымдастырылған байқауға 10 сынып оқушылары буклет жасау, 9 сынып оқушылары Альжанова Гүлдана мен Канафина Дильназ «Ә.Кекілбаев шығармаларынан иллюстрациялық суреттер салу» байқауына қатысты. Педагог: Серикбаева А.А. «Әбіш оқулары» байқауына «Ә.Кекілбаевтың шығармалары бойынша зерделеу жоба байқауы» 11 сынып оқушысы Жақсылықова Дана, Республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқулары» байқаудың аудандық кезеңіне 8 сынып оқушысы Омарбекова Мадина «Ұлы даланың ұлы есімдері» бағытында қатысты. Педагог: Баймағанбетова Ж.А. 5-6 сынып оқушылары арасындағы республикалық олимпиадаға 16 оқушы қатысты. Аудандық турға 11 жеңімпаз қатысты. Облыстық кезеңде біздің мектептің оқушылары Байбулова Зере мен Амангелді Инкар жүлделі 2,3 орынға ие болды. педагог: Шаяхметова Г.Т. 11 "А" сынып оқушысы Тулекеев Диас "Лингвист" облыстық олимпиадасының жүлдегері атанып, 2 орын алды. (Аудандық кезеңде 1 орын). Республикалық «Мақатаев оқулары» конкурсына 3 сынып оқушысы Кенегрбаева Зухра (1-орын педагог Картабаева Б.К.), 2 сынып оқушысы Амангелді Маржан 2-орын (педагог Семья М.) иеленді. «Кенгуру-математика барлығы үшін» интеллектуалдық ойын-конкурсына 2-4 сынып оқушылары қатысып 2 сынып оқушылары Амангелді М. (1-орын), Жусупбекова Амина, Бүркітбай Балауса, Қоныс Абай, Киргизбаева Малика (3-орын), 3 сыныптан Бесимбаев М. (3-орын) жүлделі орындарды иеленді. «Ақбота» пәндік олимпиадасы Ергалым Е. (2 сынып); Сейлова Я. (3 сынып), Абишева Ж. (9 сынып) ағылшын тілі пәнінен 1-дәрежелі дипломды иеленді. (Педагог: Семия Н.)

Қаулы етті:

1. Ашық сабақтардың өткізілуін түрлендіру, сабақтарға өзара қатысуды талдаудың жаңа формаларын қолдану.
2. Lesson Study-мұғалімдер практикасы саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтардағы іс-әрекеттегі ерекше зерттеу нысанын құру. Бастауыш сыныптарда екі топ (қазақ сыныптары мен орыс сыныптарында) және 9 сыныпта сабақ өткізетін педагогтар тобы бақылау сабақтарын өткізу.
3. Мектеп мұғалімдерін курстық қайта даярлау курсатрынан өтуін бақылау және аттестатталатын педагогтардың портфолиосына құжаттар дайындауға көмек көрсету.
4. Дарынды оқушылармен педагогтердің қызметі, жұмысы қанағаттанарлық деп санау (олимпиадаларға, конкурстарға қатысу және т.б.). Басқа да педагогтар дарынды балалармен жұмысты күшейту.

Ғылыми-әдістемелік жетекшілер: Абишева Ф.Т. *Абишева*

Картабаева Б.К. *Картабаева*

«Жалтыр ауылының №2 ЖОББМ»КММ
Орта білім беру ұйымдарына
арналған ғылыми-әдістемелік кеңес
хаттамасы №5
2023 жыл 05 қаңтар

Қатысқандар:36

Қатыспағандар:0

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың аудандық олимпиадаға қатысуының қорытындысы.
2. Мектептің жұмыс тәжірибесін әртүрлі деңгейлерде тарату үшін жағдай жасау бойынша жұмыс.
3. Негізгі және қосымша білім беруді интеграциялау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытындағы ӘБ қызмет

Отырыс барысы

Тыңдалды:

1 мәселе бойынша ҒӘЖ Абишева Ф.Т. сөйледі. Аудандық олимпиадаға 6 оқушы қатысты. Орыс тілінен 2 оқушы, тарих пәнінен 2 оқушы, ағылшын тілі 1 оқушы, қазақ тілінен 1 оқушы. (Омарбекова М., Оспанова А., Никитина К., Абдрашев А., Тюлекеев Д., Жаксылықова Д.) Орыс тілінен Омарбекова М., Оспанова А. 3 -орын, Тюлекеев Д ағылшын тілі -3 орын Жаксылықова Д қазақ тілі мен әдебиет -1 орынды иеленді.

Жаксылықова Дана ауданның атынан облыстық кезеңге жолдама алды.

Екінші мәселе бойынша Картабаева Б.К. мектептің жұмыс тәжірибесін әртүрлі деңгейлерде тарату үшін жағдай жасау бойынша жұмысымен таныстырды. «Педагог хабаршысы» республикалық ғылыми-танымдық педагогикалық журанлында «Бастауыш сынып оқушыларының оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру», «Үздік мұғалім методикасы» (2022 ж.) журналында «Бастауыш сыныптарда оқу үдерісіне жаңа әдіс-тәсілдерді енгізудің тиімділігі» мақалалары жайында қысқаша айтып өтті. Шаяхметова Г.Т. өзінің жарияланамы жайында сөйледі. : « Использование эффективных методов в формировании языковых навыков учащихся на уроках русского и литературы» Журнал Тағылым №10

Орыс тілі және әдебиет сабақтарында оқушылардың сөйлеу дағдылары мен сөздік қорларын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізу әдістемесін тиімді пайдалану жолдары туралы айтып өтті.

Найманбаева А.А. «Коучинг жинақтары» атты авторлық жұмысы облыстық сайысқа жіберілді. Бұл жинақта педагогтарға арналған коучинг түрлері мен әзірлемелері ұсынылған.

Азимова Г.Е. педагогикалық кеңесте өзінің іс-тәжірибесімен бөлісіп «Оқушылардың оқу іс-әрекетін ынталандыру және оны жүзеге асыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету» тақырыбы бойынша шебер сынып өткізді.

Өзінің іс тәжірибесінде қолданылатын әдіс- тәсілдермен бөлісіп, жас мамандарға кеңес берілді.

Үшінші мәселе бойынша ӘБ жетекшілері негізгі және қосымша білім беруді интеграциялау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытындағы ӘБ қызметі жайында сөйледі. «Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың басты міндеті. Білім негізі мектепте қаланатын болғандықтан, оқушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Сабақ үстінде қосымша тапсырмалар беріп, орындауын қадағалау.» Әр ӘБ –тің мүшелері қысқаша өздерінің пәндері бойынша сабақта қандай жұмыстар қолданатынын айтып өтті.

Шешім :

1. Оқушылардың аудандық олимпиадаға дайындықтарын күшейту.
2. Мектептің жұмыс тәжірибесін әртүрлі деңгейлерде тарату жұмыстарын қадағалау(мектеп әкімшілігі)
3. ӘБ жетекшілері негізгі және қосымша білім беруді интеграциялау, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында білім алушылармен жеке жұмыстар (пән мұғалімдері) жүргізу.

ҒӘЖ жетекшілер: Абишева Ф.Т. *АББ*

Картабаева Б.К. *Б.К.а*

Хаттама №6
Әдістемелік Кеңес отырысы
от 17.02.2023 года

Қатысқандар: барлығы
Қатыспағандар

Күн тәртібінде:

1. Оқушылардың зерттеу жұмыстарының нәтижелері туралы. Мектеп конференциясына дайындық.
2. Аудандық семинарға дайындық «Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне этнопедагогика элементтерін енгізу арқылы оқушылардың функционалдық сауатталығын дамыту және ұлттық құндылықтарды сіңіру»
3. 2022-2023 жылдары аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін жинақтау. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін бағалау (аттестатталатын мұғалімдердің өз педагогикалық тәжірибесін ұсынуы)

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша зерттеу жұмыстары жайында Картабаева Б.К. сөйледі. Оқушылардың зерттеу жұмыстарының нәтижелері туралы зерттеу жұмыстарымен айналысып жүрген әріптестер Сиитова Ж.; Семья М.; Азимова Г.Е.; Каратовская Л.Н.; Тынхан Н.; Баймағамбетова Ж.А. тыңдалды. Зерттеу жұмыстарын аяқтап, мектеп конференциясына дайындық жасалу керектігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша Абишева Ф.Т. мектепте жоспарланып отырған «Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне этнопедагогика элементтерін енгізу арқылы оқушылардың функционалдық сауатталығын дамыту және ұлттық құндылықтарды сіңіру» тақырыбындағы аудандық семинарға дайындық жайында сөйледі. Семинарда ашық сабақ өткізетін педагогтар бастауыш сынып мұғалімдері Азимова Г.Е.; Семья М.; Каратовская Л.Н.; қазақ тілі пәні мұғалімі Баймағамбетова Ж.А.; биология және химия пәні мұғалімдері Абишева Ф.Т.; Халанская Е.Р.; тарих пәні мұғалімі Дюсебеков К.С. қолдау көрсету мақсатында ӘБ жетекшілері мен ГӘБ жетекшілеріне айтылды.

Үшінші мәселе бойынша 2022-2023 жылдары аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін жинақтау мақсатында аттестациядан өтетін мұғалімдер тыңдалды. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін бағалау (аттестатталатын мұғалімдердің өз педагогикалық тәжірибесін ұсынуы) кезінде педагогтің кәсіби жетістіктері мен оқушыларының оқудағы жетістіктерінің қорытындылары, сабақтарды бақылау парақтары (үшеуден кем емес), оқыту курстары мен семинарларға қатысқаны туралы құжаттардың көшірмесі, оқушылардың оқу жетістіктері арқылы мұғалімнің кәсіби қызметінің нәтижелерін растайтын облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі сертификатталған құжаттар болу керектігі айтылды. Оқушылардың оқу нәтижелерінің динамикасы қоса беріледі. Педагогтің кәсіби қызметі мен кәсіби өсуінің нәтижелерін растайтын облыстық, республикалық, халықаралық деңгейдегі сертификатталған құжаттары болуы шарт.

"Педагог-зерттеуші" біліктілік санатын беруге (растауға) ұсынылады

1. Картабаева Б.К. – растау
2. Шаяхметова Г.Т – растау
3. Баймағанбетова Ж.А. - иемдену

«Педагог-сарапшы»

1. Семья М. – иемдену

«Педагог-модератор»

2. Булименко М.И. – растау
3. Жумабеков Б.Т. – иемдену
4. Халанская Е. Р – иемдену

5. Миннуллина А.Ф – иемдену

6.Хасенова А.А. - растау

Шешім:

1. Оқушылардың зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жинақтап, мектеп конференциясын өткізу сәуір айына белгіленсін.
2. Аудандық семинарда ашық сабақ көрсететін әріптестерге, көрме жұмысын ұйымдаструшы әріптестерге ғылыми-әдістемелік жетекшілер, әдістемелік бірлестік жетекшілер тарапынан қолдау көрсетілсін.
3. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің жұмыс тәжірибесін жақсы деп бағалансын.

Ғылыми-әдістемелік жетекшілер: Абишева Ф.Т. 

Картабаева Б.К. 

Хаттама №7
Әдістемелік Кеңес отырысы
от 17.04.2023 жыл

Қатысқандар: барлығы
Қатыспағандар

Күн тәртібінде:

1. Пәндік апталарды дайындау және өткізу сапасы туралы.
2. Педагогтердің кәсіби қызметінің нәтижелерін диагностикалау және талдау
3. Сабақта білім алушылардың танымдық қызметін басқару түлектерді мемлекеттік (қорытынды) аттестаттауға тиімді дайындау құралы ретінде.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әр апталықтарының маңыздылығы. Мектептің оқу - тәрбие үрдісінде пәндік бірлестіктердің атқаратын жұмыстарының зор екендігі белгілі. Әдістемелік бірлестік жұмысының негізгі түрлерінің бірі - пән апталықтарын өткізу. Біздің мектебімізде пәндер бойынша пәндік апталықтарын өткізу дәстүрге айналған.. Осы жылдың сәуір айында бастауыш сыныптар апталығы мазмұнды әрі тартымды өтті.

Екінші мәселе бойынша педагогтердің кәсіби қызметінің нәтижелерін диагностикалау және талдау жайында ҒӘ жетекшісі Картабаева Б.К. сөйледі. «Білім беру субъектілерінің кәсіби құзыреттілігіне қол жеткізу концепцияны жүзеге асырудың маңызды шарттарының бірі болып табылады. Кәсібилік – ұстаздың психолого-педагогикалық, ғылыми-пәндік білім-біліктің мәдени-адамгершілік ұстанымдарыммен үйлесудің жоғары деңгейі. Кәсіби құзыреттілік – өзбетінше және жау-апты әрекет жасауға мүмкіндік беретін бел-гілі бір психикалық жағдай, арнайы білімнің болуы, жалпы және арнайы эрудицияның болуы, ғылыми-кәсіби дайындығын үнемі жетілдіру, күнделікті іс-әрекетте міндеттерді шешу үшін еңбек субъектісінің кәсіби дайындығы және қабілеті. Ал мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі білім беру нәтижесін қамтамасыз ететін шешуші фактор, өз кезегінде, тіпті қоғамның жағдайының сапалы өзгеруіне әсер етеді. Міне, сондықтан да, қазіргі педагог білім беру үрдісін ұйымдастырудың көпқырлылығы туралы білуі шарт. Яғни, педагог өз қызметіне қатысты инновацияларды, технология-ларды, өзгерістерді жақсы меңгерген болуы қажет. Ал білім беру мекемесінің жетекшісі білім беру үрдісінде игерілген тәжірибенің тиімділігін анықтауға мүмкіндік беретін мониторинг технологиясын жақсы меңгеруі керек. Сонымен қатар, қазіргі кезде мұғалімге деген дәстүрлі көзқарастар өзгерді. Оған білімді механикалық түрде беруші, білім трансляторы ретінде қарамайды. Осы айтылып отырған заңдылықтар мұғалімнен педагогикалық өзара әрекет етудің ерекше кәсіби технологиясын меңгеруді, кәсіби және тұлғалық өсуге тұрақты қажеттіліктің болуын талап етеді. Кез-келген педагог кәсіби және тұлғалық өсудің бірден бір жолы – кәсіби өзін-өзі білімдендіру екенін түсінгені дұрыс. Ұстаздың жеке тұлғалық қасиеттері педагогикалық іс-әрекеттің ішкі мазмұнын құрап, шебер-ұстаз болып қа-лыптасуға аса қажет. Біздің осы мәселені көтеріп отырған себебіміз, қазіргі таңдағы көптеген педагогтардың өзінің кәсіби жеті-луіне көп мән бермейтіндігінде. Оны әр-түрлі жағдайлармен байланыстырып жата-ды. Дегенмен, жоғарыда айтып кеткен қоғамымыздағы шешімін күтіп тұрған мәселелер ешқандай сын көтермейді. Педагог өзін-өзі тәрбиелеуде алдына мақсат қою үшін өзінің әлсіз және күшті жақтарын білуі керек. Ол үшін, жоғарыда айтып өткендей, өзін-өзі танудың маңызды әдісі – өз тәжірибесінің жағымды және жағымсыз жақтарын талдау қажет. Енді бір жолы – басқалармен салыстыру.

Шеберлігін жетілдіру және құзырет-тілігін дамытуда педагогтың алдында көп-теген тұлғалық, сол сияқты кәсіби даму міндеттері тұр. Педагогтың тұлғалық, мо-ралдық және ақыл-ой даму деңгейлері кәсіби-педагогикалық әрекет жетістігін қам-тамасыз етеді.

Өзін-өзі білімдендіруді реттеу мақса-тында қазіргі таңда педагогтар арасында портфолио дайындау кең таралып жүр. Портфолионың негізгі мақсаты – педа-гогтың өзін-өзі білімдендіруі бойынша

жұмысын, оның іс-әрекет сипатын бағалау, педагогтың шығармашылық және кәсіби өсуін қадағалау, рефлексия дағдысының қалыптасуына жағдай жасау болып та-былады. Портфолионың жобасын құру әр педагогтың жекелік ерекшеліктеріне байла-нысты. Маңыздысы, педагог өз жұмысын, өзінің нәтижелерін талдай отырып, педагогикалық жетістіктерін жалпылай және жүйелей алуы қажет, өзінің мүмкіндіктерін дұрыс бағалап және қиыншылықтарды жеңу тәсілдерін көре білуі керек, сонымен қатар одан да жоғары нәтижелерге қол жеткізуге тырысқаны дұрыс.»

Үшінші мәселе бойынша ОІ меңгерушісі Махметова М.Б. сөйледі. «Сабақта білім алушылардың танымдық қызметін басқару түлектерді мемлекеттік (қорытынды) аттестаттауға тиімді дайындау құралы ретінде. Негізгі мектеп балалардың базалық қабілеттерін дамыту міндетін іске асырады, қосымша білім беру және бейін алдындағы даярлық жүйелері арқылы таңдау және танымдық бағдарлау жағдайларын жасайды. Негізгі мектепте: 5-сыныптар үшін "өту" бағдарламасы іске асырылды; коммуникативтік дағдылар мен қабілеттерді дамыту тіл мәдениетін сапалы арттыруға әкелді; ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениеті, функционалды оқу дағдылары бойынша жүйелі жұмыс болды; өзіндік жобалық жұмысты дамытуға қадам ретінде топтық жұмыс түрлерінің технологиясы енгізілді. Орта мектепте-жалпы мәдени ортасы үйлесімі таңдалған оқыту профилдерімен жалпы білім беру. Бұл компоненттердің бірлігі кәсіптік мектепте табысты білім беру, үздіксіз "өмір бойы" білім алуға мүмкіндік береді берудің дербес бағдарламаларында өзін-өзі жүзеге асыру үшін негіз қаланады. Мектептің жоғары сынып оқушылары жобалық қызметке белсенді қатысады. Ол мәселені шешу стратегиясын анықтауға, ресурстарды және қажеттілікті талдауға үйретеді жоспарланған нәтиже, өзара әрекеттесу дағдарысымен күресу; ақпаратпен жұмыс істеу қабілетін талап етеді, қарама-қайшылықтарды шешу, дәлелдер келтіру, жұмыс нәтижелерін көпшілік алдында ұсыну қабілетін дамытады.»

Шешім:

1. Пәндік апталарды дайындау, түрлендіру және өткізу сапасын жақсарту жұмыстары жүргізілсін.
2. Педагогтердің кәсіби қызметінің нәтижелері жақсы деп бағалансын.
3. Сабақта білім алушылардың танымдық қызметін басқару түлектерді мемлекеттік (қорытынды) аттестаттауға тиімді дайындау жұмысы жалғастырылсын.

Ғылыми-әдістемелік жетекшілер: Абишева Ф.Т.



Картабаева Б.К.



Хаттама №8
Әдістемелік Кеңес отырысы
от 19.05.2023 жыл

Қатысқандар: барлығы
Қатыспағандар

Күн тәртібінде:

1. Оқу жылындағы оқу бағдарламаларының орындалуын талдау. Жыл ішіндегі ғылыми-әдістемелік жұмыстың қорытындылары.
2. Жыл ішіндегі әдістемелік жұмыс жоспарын іске асыру туралы есеп.
3. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарының жобасын талқылау.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша оқу жылындағы оқу бағдарламаларының орындалуын талдау жайында ГӘЖ Картабаева Б.К. сөйледі. «Білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін анықтау және дамыту мақсатында пәндер бойынша олимпиаданың мектеп кезеңін өткізу ұйымдастырылды. Оған 8-11 сынып оқушылары қатысты. Барлығы 65 оқушы қатысты. Олимпиада қорытындысы бойынша 30 жүлдегер анықталды. Жеңімпаздар грамоталармен марапатталды. Олимпиаданың аудандық кезеңіне 9-11 сынып жеңімпаздары қатысады. Мектеп олимпиадасының жеңімпаздары мен жүлдегерлерінен аудандық олимпиадаға қатысу үшін топ құрылды. 5-6 сынып оқушылары арасындағы республикалық олимпиада Бұл олимпиадаға 16 оқушы қатысты. Аудандық турға 11 жеңімпаз қатысты. 11 "А" сынып оқушысы Тулекеев Диас "Лингвист" облыстық олимпиадасының жүлдегері атанып, 2 орын алды. (Аудандық кезеңде 1 орын). Беркенов Нұрдаулет дарын олимпиадасы аудандық кезең қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Зорын. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен Жаксылықова Дана ауданнан 1 орын, облыстан 3 орын (пәнлік олимпиада). Республикалық «Мәшһүр Жүсіп оқулары» байқаудың аудандық кезеңіне 8 сынып оқушысы Омарбекова Мадина «Ұлы даланың ұлы есімдері» бағытында қатысты. «Әбіш оқулары» байқауына «Ә.Кекілбаевтың шығармалары бойынша зерделеу жоба байқауы» 11 сынып оқушысы Жаксылықова Дана-3 орын, мұғалімі Баймағанбетова Ж.А.; Мұғалімі: Баймағанбетова Ж.А.

Аудандық пәндік олимпиада орыс тілінен Юрын, облыстық кезеңде III орын Амангелді Инкәр, Оспанова Алина -III орын. Дарын: 5-6 сыныптар аралығында Байбулова Зере- I орын, Каметова Марйам -III орын, Тюлекеев Чингиз III орын, Омарбекова Мадина -III орын. Мұғалімі: Шаяхметова Г.Т.

«Қонаевтың 110 жылдығына» орай ұйымдастырылған байқауға буклет жасау бағытында 10 сынып оқушылары қатысты. « Д.Қонаевтың Қазақстанның дамуына қосқан үлесі» тақырыбында жасалған облыстық буклет байқауына белсенді қатысқаны үшін Жолбаков Шамиль, Елемесов Нурахмет, Серикбаев Даулет (сертификат). 9сынып оқушылары Альжанова Гүлдана мен Канафина Дильназ «Ә.Кекілбаев шығармаларынан иллюстрациялық суреттер салу» бағытында қатысты. Мұғалімі: Серикбаева А.У. Қазақ тілінен өзге ұлт оқушыларының 5-9 сынып арасында қазақ тілін меңгеру бойынша «Тіл – мемлекет тәуелсіздігінің символы» атты республикалық қашықтық олимпиадасының жүлдегері Дукарт Арина III орын, Сабитов Нурислам II орынды иеленді. «Ustaz tilegi» қазақ тілі пәнінен Дукарт Арина- III орын .

25 қазан – Республика күніне орай ұйымдастырылған «Менің Қазақстаным» атты республикалық байқауына қатысып, шығармашылық дарындығымен ерекшеленгені үшін -Потлов Данил I дәрежелі дипломды иеленді. Мұғалімі: Хасенова А.А.

2022-2023 оқу жылында мектеп педагогтары әртүрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленді. Тарих пәні мұғалімі Дюсебеков Канат Серикбаевич «Үздік педагог» - 3 дәрежелі диплом (аудандық кезең). Семья Майра –Аудандық «Үздік бастауыш сынып

мұғалімі)- 2 орын; облыстық «Алтын тұғыр» байқауына 3-дәрежелі диплом «Мақатаев оқулары» республикалық конкурсы I орын және ҚР министрінен «Алғыс хат». Картабаева Б.К.-«Педстарт-2022»; Найманбаева А.А. «Педстарт-2023» -бастауыш сынып мұғалімі I-орын; Мифтахова Д.Р. III Республикалық «XXI ғасыр ұстазы» III дәрежелі диплом; Хасенова А.А. - Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаевтың туған күніне орай «Nurbook» баспа бірлестігі ұйымдастырылған II республикалық «Дариға жүрек...» атты мектеп оқушылары және балабақша тәрбиеленушілеріне арналған байқауға үлгілі шәкірт тәрбиелегені үшін марапат және «Ustaz tilegi» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен ұстаздар арасындағы онлайн блиц-турнирдің жеңімпазы. Каратовская Л.Н.- Алғыс хат- «Астрахан ауылының балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы»; Семия Н. - «Жаңашыл ұстаз» I орын; «Мәңгілік ел ұстаздары» I орын; «Үздік педагог» I дәрежелі марапат. «Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне этнопедагогика элементтерін енгізу арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және ұлттық құндылықтарды сіңіру» аудандық семинарда ашық сабақ берген педагогтар: Абишева Ф.Т.; Азимова Г.Е.; Баймағанбетова Ж.А.; Семья М.; Дюсебеков К.С.; Каратовская Л.Н.; Халанская Е.Р.-ға аудандық білім бөлімінен сертификаттар берілді.

Биылғы оқу жылында 5 педагог біліктілікті арттыру курсынан өтті. Оспанова С.К.; Жумабеков Б.Т.; Хасенова А.А.; Абенов Д.Д.; Халанская Е.Р.

Директор жанындағы жиналыстарда, ӘБ отырыстарында, теориялық семинарларда мұғалімдер жұмыс істеп жатқан проблемаға (өзін-өзі тәрбиелеу тақырыбына) ерекше назар аудара отырып, өздерінің педагогикалық табыстарын әріптестерімен бөліседі, өз қызметіне өзіндік талдау жүргізеді. Осындай педагогтарымыз: Азимова Г.Е.; Каратовская Л.Н.; Семья М.; Томкова Н.Э.

Шаяхметова Г.Т.; Картабаева Б.К.; Найманбаева А.А. –Республикалық ғылыми-әдістемелік журналдарға мақала; Семья М.- Аудандық «Сарыарқа» газетіне мақала жазған. Семия Н.- Педагогика менің тандауым», «Өрлеу өркендеу» журналы

Пән апталығы-оқушылардың оқу іс-әрекетін белсендірудің бір түрі. Сыныптан тыс және сабақтан тыс іс-шаралардың ойын формалары арқылы білім алушылар пәнді тереңдетіп оқуға тартылады. Пәндік апталықтар оқушыларға өздерінің шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік береді, оқушылар жақсы білімдерін көрсетуге тырысады, әртүрлі жағдайларда білімдерін қолдана алады, өзара көмек көрсетеді, қиын мәселелерді ерекше шешеді. Биылғы оқу жылында өткен апталықтар бірсарынды өткізілді. Апталықтың ашылуы фойеде тақпақ оқу, өлең айту, бимен шектелді. Апталықтардың ішінен «Бастауыш сыныптар апталығын» ерекше атап өтуге болады. Залды (фойе) әшекейлеу, фотозона, оқушылардың киінуі (әр күні әртүрлі түсте киімдер кию) мектепке ерекше сән беріп тұрды.

Шешім:

1. 2022-2023 оқу жылында ғылыми-әдістемелік жұмыс қанағаттанарлық деп саналсын.
2. 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік жұмыс жоспарының жобасы қабылданын.

Ғылыми-әдістемелік жетекшілер: Абишева Ф.Т.

Картабаева Б.К.